



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел. 55-66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

№  
18 04 2018 № 2 ге

## Тұрақты комиссияның 2018 жылғы 13 сәуірдегі қаулысы

### Астана қаласында халыққа сауда қызметін көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша коммуналдық базарлар мен сауда орталықтарының жай-күйі мен қызметі туралы

Қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласында халыққа сауда қызметін көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша коммуналдық базарлар мен сауда орталықтарының жай-күйі мен қызметі туралы» ақпаратты тыңдап және талқылап, сауда қызметін көрсету сапасын жақсарту мақсатында атқарушы органдар тұрақты негізде бірқатар іс-шаралар өткізетінін айтып өтті.

Саудада адал бәсекелікті дамытуға көзделген шаралар қарастырылады. ЖӨӨ құрылымында қызмет көрсету және сауда саласының үлесі 87 пайызды құрайды, оның ішінде сауда саласында – 24 пайыз. Сауда саласының кәсіпорындары елорданың тіркелген кәсіпорындарының жалпы санының 29,9 пайызын құрайды.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2017 жылдың қорытындысы бойынша сауда саласында жұмыспен қамтылған адамдардың саны 21,5 мың адамға ұлғайып, 80,8 мың адамды құрды. 2017 жыл бойынша көтерме сауда 3 143 300,4 млн. теңгені, бөлшек сауда 1 033 432,1 млн. теңгені құрды.

10 негізгі сектор айқындалды, оның ішінде бесеуі сауда секторына айналуы тиіс: девелопмент кластері, туризм (медициналық туризмді қоса), заманауи өндіріс, қаржы қызметтері, кәсіптік қызметтер және халықаралық ұйымдарды орналастыру, сондай-ақ 5 ілеспе сектор – сауда және логистика, денсаулық сақтау, білім, спорт, мәдениет және креативтік секторлар. Бүгінгі күні қалада 2075 сауда нүктесі бар.

Елорданың сауда нарықтарын жаңғырту жұмысы өткізілуде. Астана қаласында 25 сауда базары бар, оның ішінде 12 жабық және 13 құрамдастырылған (Орталық, Көк базар, Шарын, Эталон, Сапа, Сапар, Автомобиль базары, Алтай, Көктал, Оң-Олжа, Сәлем, Керуен, Ұлжан).

Базарларда қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында стационарлық емес объектілерден (контейнерлерден) сауданың стационарлық форматына көшу жоспарланды. Сауда базарларының сәулет-құрылыс, өртке қарсы және санитарлық нормаларға сәйкес келуі, сондай-ақ оларда қызмет көрсету сапасын кешенді бақылау үшін жұмыс тобы құрылды. 13 құрамдастырылған базардың ішінде Орталық базарда, Әсем, Сапар, Ұлжан, Шарын, Алтай, Көк базарда жаңғырту жұмыстары басталды. Қалған сауда базарлары (Эталон, Әмір, Көктал, Сәлем, Оң-Олжа, Керуен) үш жылдың ішінде жаңғыртылады.

Құрылыс есебінен сауда алаңдарын ұлғайту үшін қаланың сол жағалауында Данилов базарының қағидаты бойынша 22 мың атауы бар сатылатын өнім ассортиментімен және «Гастрономиялық нарықпен» «Magnum Cash & Carry» гипермаркетінің құрылысы басталды.

Екінші деңгейлі банктермен бірлесіп «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қорының жәрдемімен кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсетілуде. Жергілікті бағдарламалардың шеңберінде кәсіпкерлерге жергілікті бюджеттен 1:1 ара-салмақта (жергілікті бюджет қаражаты (1 млрд.теңге) ««ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (1 млрд.теңге) 1,0 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Ритейлік компанияларға қолдау көрсетілді (Галмарт, 5 Минут, Анвар, «Мир Круп» ЖШС, «Laim Group Company» ЖШС, «Лайм Риск» ЖШС, «АкВота Milk» ЖШС, «Александр С» ЖШС, «Азия Минор» ЖШС).

Мейрамханалар мен базарларға, сауда-ойын-сауық орталықтарына, кафе мен мейрамханаларға өткізілген мониторингтің қорытындысы бойынша елордада 24 950 мың отырғызу орнына 280 мейрамхана қызмет етеді, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 4300 мың отырғызу орнына артық (2016 жылғы маусымда – 20650 отырғызу орнына 233 мейрамхана), орындар саны 47 жаңа мейрамхананың ашылуы есебінен ұлғайды.

2017 жылдың маусым-тамызында базарға барушылардың саны 2016 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге өсті.

Салықтардың жиналуын арттыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында қала әкімдігі ҚР Қаржы және Ұлттық экономика министрліктерімен, Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаментімен, «Атамекен» кәсіпкерлер ұлттық палатасымен бірлесіп 2017 жылдың қазанында «Салықтардың жиналуын жоғарылату» Жаңғыру 3.0 жобасы бойынша заманауи үлгідегі базарларды әкімшілендіру жөніндегі Жол картасына қол қойды.

Рейдтік тексерістерді болдырмау және фискалдық чектердің негізінде салықтық бақылауды қашықтықта жүзеге асыру үшін базарда 371 сауда орны чектерді мемлекеттік кірістер органдарының деректер қорына онлайн

берумен, POS–терминалдарымен және бақылау-кассалық машиналармен жарақтандырылды.

«Көше саудасы» бағдарламасы іске асырылуда (көшеде сауда жүргізу үшін жер учаскелері ұсынылады). алдын ала 630 шарттар жасалды, оның ішінде: көкөніс-жемістерге – 231 объект, фастфуд – 2050, азық-түлік өнімдері – 73. Бағдарламаға құйылған жеке инвестициялар 1 млрд. теңгеден артық соманы құрды, 1000-нан артық жұмыс орны құрылды.

2017 жылы заңсыз сауданы болдырмау үшін 240 заңсыз ашылған сауда павильоны бұзылды, оның ішінде Есіл ауданында– 18, Сарыарқа ауд. - 102, Алматы ауд. 120.

Тұрақты негізде қызметтер сапасын жақсарту бойынша алдын алу іс-шаралары өткізілуде. Тамақтан улануды болдырмау мақсатында 62 жоспардан тыс тексеріс өткізілді, 76 ұйғарым берілді, 3 834 610 млн. теңге сомасына 66 айыппұл салынды, 4 сауда субъектісіне қызметін 2-ден 10 күнге дейін тоқтатумен, 1 815 200 млн. теңге сомасына айыппұл салынды.

Сонымен қатар, құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия елордада сауданың жай-күйі қойылатын талаптарға толық мөлшерде сәйкес келмейтінін атап өтті.

Астана қаласында берекесіз сауда проблемасы көкейтесті болып қалуда. Қаланың аумағында елорданың архитектуралық бейініне, санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін және салық төлемейтін сауда павильондарының орналасуына тұрғындар наразылық білдіреді.

Жарамдылық мерзімі өткен, тиісті таңбалануы, өнімнің сәйкес келетіндігін және қауіпсіздігін дәлелдейтін құжаттары жоқ сапасыз өнім әзірлеу және сату тұтынушылардың өмірі мен денсаулықтарына қауіп төндіреді.

2017 жылы сатып алынған 3237 үлгіден өнімнің қауіпсіздігін мониторингілеу шеңберінде ЕАЭС техникалық регламент талаптарына –17 пайыз, таңбалануы бойынша - 45 пайыз; микробиологиялық көрсеткіштер бойынша - 37 пайыз; санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша – 5 пайыз; қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша - 13 пайыз сәйкес келмеді.

Барлығы 2017 жылы сатудан 11833 кг алынып тасталды, оның ішінде тамақ өнімі - 11711 кг, оның ішінде құс өнімі - 10820,217 кг. 93 кг қауіпті құс өнімі жойылды.

Қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жоғарыда жазылғанның негізінде **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласында халыққа сауда қызметін көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша коммуналдық базарлар мен сауда орталықтарының жай-күйі мен қызметі туралы» ақпарат мәліметке алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне және Астана қаласы әкімдігінің басқа мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне төмендегі ұсынылсын:



- өз құзыретінің шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеу және елордада сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына бөлшек шекті рұқсат етілген бағалар мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті жандандыру;

- бизнес-ахуалды жақсарту мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен бірлесіп тұрақты негізде консультациялар мен семинарлар түрінде бизнес саласының өкілдері үшін іс-шаралар өткізу.

3. Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау департаментіне алдамшыланған және сапасыз өнімді анықтау жөніндегі қызметін жандандыру ұсынылсын.

4. «1000 орын – көшедегі сауда» бағдарламасын іске асыру мәселелерін зерттеу үшін «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ қалалық атқарушы органдардың, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің және қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен жұмыс тобын құру ұсынылсын, ағымдағы жылдың маусымында тұрақты комиссияның отырысында есепті тыңдаумен, өткізілген жұмыс қорытындысы бойынша ақпарат ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

**Құрылыс, экология, көлік,  
сауда және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссияның төрағасы**



**С. Жүнісов**